Бекітемін: ______
«Ақбөбек» МДҰ меңгерушісі:
А.Е.Нуржанова

**2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекетінің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы**: «Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымы
**Топ: «Айгөлек»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Қыркүйек** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар :**<br>**Жүру**. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден (жұппен)жүру; әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып жүру, еденге қойылған заттардан аттап жүру, жан-жаққа баяу айналу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары,алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру;<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылды ойындарға баулу<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз,құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескрк отырып табиғи факторлар:ауа,күн,суды пайдалана отырып,шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге қарастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгертуге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>«Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Шама.**<br>Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа,) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн ) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтың, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті<br>сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру. |
| | **Құрастыру** | Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.<br>**Музыкалық-ырғақты қимылдар.**<br>Музыкалық-ырғақпен жүру<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Балаларды музыкалық аспаптарымен таныстыру.<br>**Билер.**<br>Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту, кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы,үйі.**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге,әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын,олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көлік құралдарының түрлері мен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл,еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары туралы білімдерін бекіту<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (жылы,)<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу,) |

| | | |
|---|---|---|
| **қазан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>**Тепе-теңдікті сақтау.**<br>Тепе теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр),арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолдарын алдына немесе басынан жоғары,артына апарып шапалақтау;<br>**Қимылды ойындар.**<br>Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға үйрету<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастару.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.**<br>Белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).<br>**Сауықтыру шынықтыру шаралары.**<br>Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар:ауа, күн, суды пайдалана отырып,шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br>**Сөздік қор.**<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>-сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>-суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде өз ойын айтуға үйрету. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Балаларға шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу<br>( біреу-көп),<br>**Шама**<br>Екі затты өлшемі бойынша (артық-кем) салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура үшбұрышпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында. |
| | **Сурет салу** | Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар,жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн ) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшықтың, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті<br>сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын |

| | | |
|---|---|---|
| | | пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау, содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып,жаңа ғимараттар салу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлафон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай)<br>**Ән айту.**<br>Ре (ми) – ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүруді үйрету<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Сыбызғы аспабының дыбысталуымен таныстыру<br>**Билер**<br>Заттармен немесе заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір біріден қимылдарды орындау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**<br>«Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың айырмашылықтары мен атауларын,олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жеңіл көлік құралдарымен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Балаларда «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» әрекеттер (қылықтар) туралы қарапайым түсініктерді дамыту.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балалар тұратын қала мен ауыл, еліміздің астанасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарларының пайдасы туралы білімдерін бекіту<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау (жылы,)<br>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау (саңырауқұлақтар мен жабайы жидектерді жемеу, |

| | | |
|---|---|---|
| **қараша** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>**Жүгіру :**<br>Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.<br>**Қимылды ойындар.**<br>Қимылдарды үйлестіруге үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі.**<br>Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Мәдени-гигеналық дағдыларды қалыптастыру**.<br>Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне-өзі қызмет дағдылары.**<br>Тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға үйрету.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.**<br>Денсаулықтың құндылығы туралы түсінікті дамыту; ауырмауға, денсаулықты сақтауға ынталандыру, «салауатты өмір салты»және оны ұстану туралы алғашқы түсініктер беру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары.**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>-дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар,) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің Грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде,астында,артында,жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлері мен бөлісуге,<br>өз ойын айтуға үйрету. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге құрастыру, оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты,сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы**<br>Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату,оларды көпше түрде қолдануға үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу<br>(біреу-көп),<br>**Шама.** Екі затты өлшемі бойынша (биік-аласа) салыстыру.<br><br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларды геометриялық фигура шаршы мен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: алдында-артында |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде карындашты,қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық,ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалыңдықтарын сүртуге майлықты қолдану |
| | **Құрастыру** | Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған |

| | | |
|---|---|---|
| | | дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.<br>**Ән айту.**<br>Әннің сөздерін анық айтуға үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Шеңбер бойында шашырап қайта бірігуді үйрету<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Металлафон аспабының дыбысталуымен таныстыру<br>**Билер.**<br>Жұппен ырғақты қимылдар орындау |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем**<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Дәрігер, аспазшы мамандық иелерімен таныстыру<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен таныстыру.<br>**Өсімдіктерәлемі.**<br>Көкөністердің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Ауа-райының жағдайын анықтау ( суық, жылы, ыстық)<br>**Қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау** |

| | | |
|---|---|---|
| **Желток** | **Дене шынықтыру** | **Домалату:**<br>Домалату, лақтыру, қағып алу.Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5-2 метр қашықтан) |

| | | |
|---|---|---|
| | | допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысанаға биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып 1,5-2 метр қашақтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төменге-еденге (жерге) соғу, қағып алу.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Кеудеге арналған жаттығулар;<br>**Қимылды ойындар**<br>Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір»,, «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Арбалар,автомобильдер, велосипедтер,доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандыру.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру,тамақтану,жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.<br>**Өзіне- өзі қызмет көрстеу дағдылары**<br>Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көкөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Балаларды үй-жайда жеңіл киіммен жүруге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.**<br>Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (киім, аяқ киім,) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br>**Тілдің Грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру.<br><br>Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Жаңа ертегілерді,тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа» , «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтармен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? » сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Балаларға геометриялық фигура шаршы мен ұшбұрыштың<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында. |
| | **Сурет салу** | Сурет салу кезінде карындашты,қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету. |
| | **Мүсіндеу** | Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату, ширату, созу, жаю тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету. |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін |

| | | |
|---|---|---|
| | | қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрлысты қарапайым сызбаларға6, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Әр түрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге үйрету<br>**Ән айту.**<br>Әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту)<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың басталуына сәйкес қимылдарды орындау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Қоңырау аспабының дыбысталуымен таныстыру.<br>**Билер.**<br>Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**<br>Өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын,ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттардың сапалары мен қасиеттерін : сипап сезу , дәмін көру,есту арқылы тануды қалыптастыру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Ауада ұшатын қозғалыс құралдары Ұшақ пен тікұшақтың айырмашылықтарын түсіндіру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Мұғалім, құрылысшы мамандық иелерімен таныстыру<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Әлеуметтік және эмоционалды зиятты тәрбиелеу.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балаларды айналасындағы ересектердің жақсы көретінін, оған әрқашан қамқорлық танытатынын білдіре отырып, өзінің туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Дала гүлдерінің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары туралы білімдерін бекіту<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық)<br>**Қоқыс қалдырмау, қоқысты жинау, бұтақтарды сындырмау.** |

| | | |
|---|---|---|
| **қан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>**Еңбектеу:** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу;<br>**Қимылды ойындар**<br>Кеңістікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын үйрету.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау.Шанамен бір-бірін сырғанату;биік емес төбеден сырғанау.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне – өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Тісті тазалауға, ұқыптылыққа үйрету.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Адамның денсаулығына пайдалы (көкөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бөліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.<br>**Сөздік қор.** Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ыдыс жихаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді үстінде, астында, тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну ,сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Жаңа әңгімелерді,тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт )<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып сұрақтарға жауап беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, неше »сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша ені, бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз- түнде. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суреттерін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету,тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар) |
| | **Жапсыру** | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. |
| | **Құрастыру** | Құрастырылатын құрлысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған |

| | | |
|---|---|---|
| | | құрылысын талдауға баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау**.<br>Әр түрлі аспаптарда орындалған шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.<br>**Ән айту.**<br>Аспаптың сүймелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың аяқталуына сәйкес қимылдар орындау<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Сылдырмақ аспабының дыбысталуымен таныстыру<br>**Билер.**<br>Қазақ халқының би өнерімен таныстыру |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фото суреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу<br>**Заттық әлем.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындауға баулу.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты )аудару.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балалардың жалпы қабылданған ережелермен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Табиғат құбылыстарын бақылау (Ауа-райының жағдайын анықтау ( суық, жылы,маусымдық өзгерістер)<br>**Топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау.** |

| | | |
|---|---|---|
| **Ақпан** **ақпан** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>**Секіру:**<br>Тұрған орнында қос аяқпен, 2-3 метр қашықтыққа алға қарай жылжып,құрсаудан құрсауға,заттарды айналып және заттардың арасымен секіру, 15-20 сантиметр биіктіктен секіру,ілініп тұрған орнынан ұзындыққа 40 сантиметр қашықтыққа секіру.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Аяқты көтеру және түсіру,аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті үйрету.<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимыл түрлерін өзгерте отырып,ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-біріне сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Дене белсенділігі (Таңертеңгі жаттығу, шынықтру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Сауықтыру шынықтыру шаралары**<br>Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>**Тілдің Грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Ересектердің сөзін тыңдау және түсін, сөйлеу әдебиетінің тиісті формаларын дұрыс қолдану ересектермен диалог құру. Берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беру. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көркем әдебиет | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру. |
| | Қазақ тілі | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), атауларын айту және түсіну дағдылрын қалыптастыру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт )<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша?, неше? » сұрағына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша биіктігі, жалпы шамасы бойынша бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**<br>Балаларды геометриялық фигура дөңгелекпен таныстыру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Үстінде – астында кеңістік бағыттарын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде. |
| | **Сурет салу** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суреттерін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін ( қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу,біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу, қатпарлау) қолдану. |
| | **Құрастыру** | Құрастырған құрлыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманы илюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.<br>**Ән айту.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Аспатың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, әнді бірге бастап бірге аяқтауға үйрету<br>**Музыкалық - ырғақтық қозғалыстар.**<br>Қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Маракас аспабының дыбысталуымен таныстыру<br>**Билер.**<br>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі.**<br>Балаларды отбасы бейнеленген фото суреттерді қарауға, отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Заттар,ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Көліктердің пайдасы мен зияны туралы түсіндіру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауға, түрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды, құрал - жабдықтарды дайындауға баулу.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал және іскер, еңбекқор, ұқыпты) аудару.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Жемістердің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырату<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық)<br>**Қауіпсіз ережелерді сақтау.**<br>Топта терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау. |

| | | |
|---|---|---|
| **наур** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар:**<br>**Сапқа тұру**<br>Сапқа тұру, қайта сапқа тұру. Бірінің артынан бірі сапқа |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру, шеңберге тұру (көзбен бағдарлау бойынша). Саптағы, шеңбердегі өз орнын табуға үйрету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жатқан қалыптан бұрылып,етпетінен жату және керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалыпта).<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Мәдени гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының пайдасы туралы түсінік қалыптстыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары**<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулармен массаж жасау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Артикуляциялық аппаратты дамыту.<br>**Сөздік қор.**<br>Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Ересектермен бірге ертегілерді, қарапайым көріністерді<br><br>ойнауға, бірлескен ойындарға қатысуға ықпал ету, онда жеке репликаларды, кейіпкерлердің эмоционалды образын беруге баулу. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тілдне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік ) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Ойыншықтар мен заттарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру: заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама.**<br>Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру.<br>**Геометриялық фигуралар**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Оң –сол кеңістік бағыттарын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама - қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде. |
| | **Сурет салу** | Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, балдақ, сырға, тұмар және т.б.) таныстыру. Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. |
| | **Жапсыру** | Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. |
| | **Құрастыру** | Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер |

| | | |
|---|---|---|
| | | мен күйлерді тыңдау.<br>**Ән айту.**<br>Әнді созып қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде)<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.<br>**Баладар музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Барабан аспабында қарапайым әуедерді ойнау<br>**Билер.**<br>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүру, қимылдарды өзгерту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**<br>Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге ,жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жеңіл көлік пен жүк көлігінің айырмашылықтарымен таныстыру<br>**Еңбекке баулу.**<br>Қолданып болған соңойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Балаларды әдепті қарым – қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету).<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау.<br>**Жануарлар әлемі.** Үй жануарлары мен олардан алынатын өнімдер туралы білімдерін бекіту<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) дағдыларын қалыптастыру.** |

| | | |
|---|---|---|
| **сәуір** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>**Ырғақтық жаттығулар.**<br>Таныс бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Аяққа арналған жаттығулар:<br>Аяқтың ұшына көтерілу, аяқты алға қарай қою, аяқты жан-жаққа, артқа қою. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге үйрету.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен таныстыру**.**<br>**Сауықтыру шынықтыру шаралары**<br>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып,жеке тәсілді жүзеге асыру. Шынықтыру шараларын жүргізу,жаттығулар мен массаж жасау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>**Сөздік қор.** Дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>**Тілдің Грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану**.**<br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілерді ойнауға және сақыналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Жаңа өлеңдерді,тыңдай білуге, тәрбиелеу. Балалармен бірге өлеңдерді қайталау,тілді жаттықтыру |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Қазақ тілне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар, тақпақтар, |

| | | |
|---|---|---|
| | | жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік ) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Математика негіздері** | **Сан.**<br>Заттарды салыстыру:заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру.<br>**Шама.**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Оң – сол кеңістік бағыттарын анықтау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең – кешке. |
| | **Сурет салу** | Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.<br>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Мүсіндеу** | Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. |
| | **Жапсыру** | Геометриялық фигуралардың (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ортасына,бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жпсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау. |
| | **Құрастыру** | Құрастыруда бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін қолдану, ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету<br>**Ән айту.**<br>Әуенді таза және сөздерді анық айтуға үйрету<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.**<br>Мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу.<br>**Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.**<br>Металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Билер.**<br>Шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау |
| | **Қоршаған ортмен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**<br>Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.<br>**Заттық әлем.**<br>Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жолда жүру ережесімен таныстыру.Бағдаршамның пайдасы туралы айту<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным - Қазақстан.**<br>Балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп пен тазалық сақтауға үйрету.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың,дала гүлдерінің ,кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы, көктемгі, жазғы және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br><br>**Ойын алаңында және құммен, сумен,қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).** |

| | | |
|---|---|---|
| **мамыр** | **Дене шынықтыру** | **Негізгі қимылдар**<br>Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тура бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның,доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен,туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр). |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолдарды алға созып,жартылай отыру, тізені қолмен ұстап, басты төмен иіп, кезекпен тізені бүгіп, аяқты көтеру;<br>**Қимылды ойындар**<br>Қимылды ойындарды ойнату.<br>**Дербес қимыл белсенділігі**<br>Қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.<br>**Спорттық жаттығулар**<br>Велосипед тебу. Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебу.<br>**Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.**<br>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасықпен шәй қасықты, шанышқны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары**<br>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау.<br>**Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру**<br>Өзінің денсаулық жағдайы туралы ересектерге айту, науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін білу.<br>**Сауықтыру шынықтыру шаралары**<br>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету.Ересектің көмегімен шынықтру тәсілдерін орндау дағдыларн қалыптастыру.Тыныс алу жаттығуларын жасау. |
| | **Сөйлеуді дамыту** | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту.<br>Өткенді қайталау.<br>**Сөздік қор.**<br>Дәстүрге байланысты балалармен жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.<br>Өткенді қайталау.<br>**Тілдің Грамматикалық құрылымы.**<br>Етістіктерді келер және өткен шақта қолдану**.**<br><br>**Байланыстырып сөйлеу:**<br>Таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. |
| | **Көркем әдебиет** | **Кітаптарға қызығушылықты ояту.**<br>Балаларға тақпақтарды жатқа айтуға үйрету. |
| | **Қазақ тілі** | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақ тііне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.<br>**Сөздік қор.**<br>Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.<br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және сын есім, зат есім және етістік ) үйрету.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу. |
| | **Ма тематика негіздері** | **Сан.**<br>«Тең бе?», «Қайсысы артық, кем?» сауалдарына жауап беру.<br>**Шама.**<br>Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.<br>**Геометриялық фигуралар.**<br>Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.<br>**Кеңістікті бағдарлау.**<br>Алдында- артында, астында-үстінде, оң - сол бағыттарын тиянақтау.<br>**Уақытты бағдарлау.**<br>Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз - түнде, таңертең – кешке. |
| | **Сурет салу** | Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.<br>Өткенді қайталау. |
| | **Мүсіндеу** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю, тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар)<br>Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті<br>сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Жапсыру** | Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалыңдықтарын сүртуге майлықты қолдану Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыпты болуға баулу. |
| | **Құрастыру** | Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді<br>жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу. |
| | **Музыка** | **Музыка тыңдау.**<br>Музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету<br>**Ән айту.**<br>Музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету<br>**Музыкалық - ырғақтық қозғалыстар.**<br>Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру |

| | | |
|---|---|---|
| | | **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау**<br>Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау<br>**Билер**<br>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру «Қамажай» биін үйрету |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | **Бала, оның отбасы, үйі**<br>Дербестікті қалыптастыру: киіну, жуыну, тісін тазалау.<br>**Заттық әлем**<br>Қоршаған ортаны қабылдау,кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>**Көлік, байланыс құралдары.**<br>Жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.<br>**Еңбекке баулу.**<br>Өзінің, құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне, суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға, оларға ұқыптылықпен қарауға баулу.<br>**Адамгершілік пен патриоттық тәрбие.**<br>Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.<br>**Менің Отаным- Қазақстан.**<br>Тірі жіне өлі табиғат заттары мен құбылыс тарына қызығушылықтарын қалыптастыру.<br>**Өсімдіктер әлемі.**<br>Ағаштардың, дала гүлдерінің, кейбір көгөністер мен жемістердің, бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау, өсімдік бөліктерін тану.<br>**Жануарлар әлемі.**<br>Табиғат бұрышын бақылау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Табиғаттағы маусымдық өзгерістер.**<br>Бақылау күнтізбесінде жылдың, көктемгі, және күзгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.<br>**Ойын алаңында және құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).** |